

Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 шілдедегі N 1014 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 356 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамытудың тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қоса беріліп отырған Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамытудың тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі 2001-2003 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Жоспарда көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының басшылары Жоспарда белгіленген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жарты жылда бір рет, жарты жылдықтың алғашқы айының оныншы күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткен жарты жылда Жоспардағы іс-шаралардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) жарты жылда бір рет, жарты жылдықтың алғашқы айының жиырмамыншы күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне өткен жарты жылда Жоспардағы іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5 . М ы н а л а р :

Жоспарға енгізілген іс-шараларды орындауға жауапты ретінде көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жылына екі рет, бесінші маусымға қарай және бесінші желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұ с ы н ы с т а р е н г і з е а л а д ы ;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) жылына екі рет , отызыншы маусымға қарай және отызыншы желтоқсанға қарай белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тиісті шешімдердің жобаларын енгізе алады деп белгіленсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 27 шілдедегі

№ 1014 қаулысымен

мақұлданған

**Алматы қаласын аймақтық қаржы
орталығы ретінде дамытудың**

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кіріспе

Алматыны Орталық Азияның аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту идеясы (бастапқыда аймақ ретінде бұрынғы кеңестік Орта Азия республикалары мен Қазақстан меңзелген-ді) алғаш рет 1995 жылы Қазақстан банктері қауымдастығының мүшелері мен басшы құрамының Қазақстан Республикасының Президентімен кездесуі кезінде жария етілген болатын. Бірақ, ол кезде бұл идея бірқатар себептермен қолдау таппады, олардың ішінде, ең негізгісі Қазақстан банк жүйесін реформалауға енді ғана кіріскен еді (тіпті, қаржы рыногының басқа секторларындағы реформаларға әлі кіріскен де жоқ болатын) және Қазақстанның осы салада аймақтық көш бастаушы болуға ұмтылуы тым ертерек сияқты көрінді. 1995-1999 жылдардағы оқиғалар елдің саяси басшылығының сақтық жасауының орынды екендігін айғақтады: 1996 жылы сол кезде елдегі ең ірі және ықпалы зор болған "КРАМДС-банк" жұмыс істеуін тоқтатты, капиталдандыру деңгейі бойынша заңнама талаптарына сәйкес келмейтін банктерді тарату бірнеше жылға созылды (Ұлттық Банк әрекет жасаған құқықтық шеңберді ескерсек), бағалы қағаздар рыногының қазіргі заманға сай инфрақұрылымын қалыптастыру екі жылдан кейін ғана басталды, ал сақтандыру өндірісін реформалау 1999 жылы ғана басталды.

Дегенмен, бірқатар мән-жайлар жоғарыда аталған идеяны, оның географиялық мәнісін Орталық Азиядағы ТМД-ға қатысушы елдерден бастап Азия құрлығының орталық бөлігінде орналасқан елдер тобына дейін кеңейте отырып, қайта ұсынуға мүмкіндік туғызды.

Біріншіден, Алматыда түрлі үлгідегі, оның ішінде шетел капиталы қатысқан қаржы институттарының едәуір шоғырланғаны байқалады, олар жүзеге асыратын операциялар көлемі бойынша таяу жатқан мемлекеттердің Бішкек, Ташкент, Душанбе, Ашгабат және Баку сияқты бас қалаларынан асып түседі.

Екіншіден, Алматы қаласы халқының саны Қазақстанның басқа қалалары халқының санынан көп. Бұл ретте, қаланың көп ұлттылығы факторы оның мәдениетінің де сан алуандығын айқындайды.

Үшіншіден, Алматыда ең алдымен зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар мен екінші деңгейдегі банктер есебінен жеткілікті жоғары инвестициялық әлеует қалыптасты, бұған көрші мемлекеттердің эмитенттері де қызығушылық білдіре бастады.

Төртіншіден, Алматы көрші мемлекеттердің ірі қалаларына қарағанда қаржылық қызмет көрсетуге төлем жасауға қабілетті тұтынушы ретінде жеке табысы жоғары деңгейдегі адамдар - шетел азаматтары да, Қазақстан азаматтары да көп тұратындығымен ерекшеленеді.

Бесіншіден, белгілі бір қаржы қиыншылықтарына қарамастан, Алматының қоршаған табиғатының сұлулығы мен сапалы қызмет көрсетудің, әсіресе телекоммуникациялар, қоғамдық тамақтану және ойын-сауық саласы болуымен мұнда тұруға және демалуға тартымды орын болып отыр.

Алматыны аймақтық қаржы орталығы ретінде дамытуға ықпал ететін маңызы кем түспейтін фактордың бірі деп, қаланың "Жібек жолы" бойындағы елдерге жақын орналасқанын да айтуға болады.

Қаржы орталықтарының тарихи пайда болуы - капиталдардың ірі қалаларға шоғырлануымен байланысты (және жоғарыда атап өтілгеніндей, мұндай алғышарттар Алматыда ішінара бар). Алайда, мұндай шоғырлану қаланың қаржы орталығы ретінде өзінен өзі дамуына жол аша алмайды. Бұған мысал - Швейцария қалалары. Қаржы орталығының қалыптасуы кәсіпкерлердің жинақталған капиталдарды коммерциялық жобаларды қаржыландыру көзі ретінде жаппай тартуынан басталады. Бұл ретте, мұндай жобалар қауіпсіздендірілген (меншік иесін зандастыруда күрделі іс-шараларды қолданбай-ақ, қайталама рынокта тез сатылатын қаржы құралдары түрінде ресімделген) болуға тиіс, сондай-ақ табыс түсетін және тәуекел деңгейі инвесторлар үшін қолайлы болуға тиіс. Уақыт өте келе, қалаға пайдалы және өтімді салым салу мүмкіндігі арқылы, басқа аймақтардан бос капиталдар ағылып келе бастайды. Инвестициялауға қол жеткізетін капиталдардың өсуі жаңа қаржы құралдарының тікелей ұсынысын туындатады. Мұндай жағдайда қала қаржы орталығына айналады. Лондон және Нью-Йорк сияқты әлемдегі қаржы астаналарының пайда болуының қарапайым моделі осындай.

Бұлардан анағұрлым жастау қаржы орталықтарының - Гонконгтың, Сингапурдың, Бахрейннің және басқалардың ерекшелігі - мұнда да қарапайым түрде тартылған капиталды пайдалану үшін капитал ағындарын және қаржы құралдарын алдын ала көтермелеуі болып табылады. Көтермелеудің басты тетігі - ырықтандырылған кеден және салық режимдері, инвесторлар, кәсіпкерлер мен кәсіби қаржы делдалдары талап ететін сапасы жоғары тұрмыстық әрі бизнестік қызмет көрсетумен үйлестірілетін капиталды мемлекеттік реттеу мен қайтарудың ырықтандырылған режимдері.

Сонымен, Алматыны аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту мынадай әлеуметтік-экономикалық шарттардың орындалуын талап етеді:

Елдегі шарттар:

1. Жергілікті капиталдың мейлінше мол шоғырлануы.
2. Шетелдік капиталды әкелудің, капиталды қайтарудың және оны қолданудан түскен пайданың ырықтандырылған валюталық режимі. Орталық банктің айырбас бағамы саясатын қоса алғанда, ақша-кредит саясатының б о л ж а м д ы б о л у ы .
3. Жергілікті кәсіби қаржы делдалдарының біліктілік деңгейінің жоғары б о л у ы .
4. Халықаралық беделі танылған шетелдік кәсіби қаржы делдалдарын рынокқа жіберудің ырықтандырылған режимі.
5. Дамыған және сапалы (көліктік, телекоммуникациялық және басқа) и н ф р а қ ұ р ы л ы м .
6. Реттеуді Алматыда орналастырылған мемлекеттік органдардың жоғары білікті кадрлары жүзеге асыратын қазақстандық қаржы рыногының жеткілікті дамуы.

Жергілікті шарттар:

7. Алуан түрлі және жайлы тұрмыстық әрі бизнестік қызмет көрсету.
8. Табиғат объектілерінің табиғи тартымдылығын сақтай отырып, дамыған демалыс және ойын-сауық индустриясының болуы.
9. Қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі.
10. Алматының халықаралық мәртебесін көтеру.

1-шарт. ЖЕРГІЛІКТІ КАПИТАЛДЫ МЕЙЛІНШЕ МОЛЫНАН ШОҒЫРЛАНДЫРУ

О с ы ш а р т т ы с а қ т а у :

1) қаржы рыногының қалалық инфрақұрылымы тарапынан сапалы қызмет көрсету жолымен қазіргі институционалдық инвесторлардың (зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар мен екінші деңгейдегі банктердің) бас кеңселерінің Алматыда орналасуына мүдделілігін қолдау және ынталандыру;

2) халықтың жинақ ақшасын ынталандыруға бағытталған іс-шараларды заңды қаржы жүйесі арқылы дәйекті түрде орындау, оның ішінде:

- бағалы қағаздар құпиясын және басқа қаржы құралдарын қорғауды күшейту ;

- екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың мерзімді салымдарына кепілдік беру жүйесін кең ауқымда насихаттау;

- банктік емес қаржы делдалдарын дамыту;

- бірінші кезекте, мемлекет тарапынан тартымды жаңа қаржы құралдарын

ш ы ғ а р у

ж о л ы м е н ;

3) ерікті зейнетақы жинақтарын көпшілікке тарату және ынталандыру ж о л ы м е н ;

4) толыққанды институционалдық инвесторлар ретінде, соның ішінде ықтимал клиенттер тарапынан оларға деген сенімді арттыру арқылы сақтандыру ұйымдарының қызметін жандандыру;

5) ұжымдық инвестициялау жүйесін пайдаланғысы келмейтін және жеке сипатта қызмет көрсетуді қалайтын кәсіби емес инвесторлардың бағалы қағаздар портфельдерін басқару жөніндегі брокерлік-дилерлік ұйымдардың қызметін қ о л д а у ;

6) институционалдық инвесторлардың (ең алдымен, инвестициялық қорлардың) жаңа түрлерінің және ұжымдық инвестициялаудың жаңа нысандарының (құрылыс жинақ ақшасының және басқалардың) пайда болуына және дамуына жәрдемдесу;

7) шағын және орта бизнестің серпінді дамуына, жергілікті кәсіпкерлердің инвестициялық әлеуетін арттыруға жәрдемдесу есебінен қамтамасыз етілуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 1-шарт өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы N 706 қаулысымен.

**2-шарт. ШЕТЕЛДІК КАПИТАЛДЫ ӘКЕЛУДІҢ
ЫРЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ВАЛЮТАЛЫҚ РЕЖИМІ, КАПИТАЛДЫҢ
ҚАЙТАРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУДАН АЛЫНҒАН ПАЙДА.
ОРТАЛЫҚ БАНКТІҢ АЙЫРБАС БАҒАМЫ САЯСАТЫН ҚОСА
АЛҒАНДА, АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫНЫҢ БОЛЖАМДЫ БОЛУЫ**

Шетелдік капиталды әкелудің ырықтандырылған режимі Алматыға шетелдік жеке және институционалдық инвесторлардың ақшасын тартуға жәрдемдесетін болады, ол үшін:

1) Қазақстан банктеріндегі есепшоттарды алыстан басқару мүмкіндігін қамтамасыз ету;

2) оларды кейін әкетуге мүмкіндігі болуы мақсатында келуші адамдар ерікті түрде мәлімдейтін сомалар мен аса ірі сомаларға қатысты ғана, бұл ретте осындай мәлімдеуді сақтап, оның ішінде әкелінетін қолма-қол шетел валютасын және өзге мүліктерді ресми мәлімдеу қажеттігінен бас тарту жолымен валюталық бақылауды оңтайландыру қажет.

Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 2 шілдеде Халықаралық валюта қорының келісімі Баптарының VIII бабына сәйкес міндеттемелер қабылдады. Алдағы уақытта Ұлттық Банк ұлттық валютаның айырбас бағамының күрт ауытқуына жол бермей, ақша-несие саясатын жүзеге асыруды одан әрі жалғастыруы қажет. Инвесторлар мен қаржы делдалдары үшін ұлттық валютаның тұрақтылығы мен айырбасталуы қаржы рыногындағы жағдайдың

болжамды болуын және капиталдың қайтарылуы мен оны қолданудан пайда табуды қамтамасыз ету мақсатында өте маңызды.

Ұлттық Банк осы шартты қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарады, ол ырықтандырылған валюталық саясатты қамтамасыз етуді жалғастыруы тиіс. Сонымен қатар, капиталдың қайтарылуына және оны қолданудан пайда табуға кедергі келтірмейтін қазіргі заңнамалық режимді сақтаудың мәні бар.

3-шарт. ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІБИ ҚАРЖЫ ДЕЛДАЛДАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Осы шартты орындау осындай қызметтерді жергілікті және шетелдік тұтынушыларға сапалы қаржы қызметтерін көрсету үшін қажет. Осы міндетті ш е ш у ү ш і н :

1) бағалы қағаздар рыногында және қаржы рыногының басқа да бөліктерінде жұмыс істейтін мамандар даярлайтын оқу орындарының бағдарламаларын ж а ң а л а у ;

2) қазіргі кезде жұмысты орындауға біліктілік куәліктерінсіз жіберілетін қаржы жүйесі қызметкерлерінің санаттары үшін дербес сертификаттауды енгізу;

3) аймақта іс жүргізуге бағдарланған түрлі бейіндегі мамандар даярлауды қамтамасыз ету (көрші мемлекеттер заңнамаларының ерекшеліктерін білу, Орталық Азия аймағы елдерінің мемлекеттік тілдерін және басқа да қажетті білімдер мен дағдыларды меңгеру);

4) кадрларды оқыту және қайта даярлау, сондай-ақ қазақстандық қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби жарамдылығына бақылау жасау мақсатында қаржы рыногының кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдары мен қауымдастықтарын пайдалану керек.

4-шарт. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІ ТАНЫЛҒАН ШЕТЕЛДІК КӘСІБИ ҚАРЖЫ ДЕЛДАЛДАРЫН РЫНОКҚА ЖІБЕРУДІҢ ЫРЫҚТАНДЫРЫЛҒАН РЕЖИМІ

Халықаралық беделі танылған шетелдік кәсіби қаржы делдалдарын қазақстандық қаржы рыногына жіберу:

- рынок бәсекелестігінің қажетті деңгейін сақтауға;
- қаржы жүйесінің клиенттеріне отандық қаржы институттары әлі көрсете қоймаған қызметтерді көрсетуге;
- қаржы жүйесі жергілікті қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік ж а с а й д ы .

О с ы м а қ с а т т а :

1) отандық және шетелдік қаржы институттарын құру, тіркеу, лицензиялау және қызметін реттеу жағдайларын теңестіру туралы мәселені қарау;

2) өкілдіктері Қазақстанда тек бір жыл жұмыс істегеннен кейін ғана шетелдік банктер Қазақстанда өздерінің еншілес банктерін ашуға құқығы болатын

шарттың күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) қазақстандық кәсіби қаржы делдалдары әлі көрсете қоймаған қызмет түрлері бойынша Қазақстанда жұмыс істеуге шетелдік қаржы институттарын т а р т у .

4)

ЕСКЕРТУ. 4-шарт өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы N 706 қаулысымен.

5-шарт. ДАМЫҒАН ЖӘНЕ САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Осы шартты орындау қаржы институттары мен олардың клиенттері үшін Алматыда қолайлы жағдайлар жасауға тиіс, ол үшін:

1) Алматы әуежайында халықаралық терминал салуды қоса алғанда, Орталық Азия аймағының елдерін байланыстыратын тиімді көлік желісінің салынуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) Алматы-Бішкек, Алматы-Астана, Алматы-Қорғас автомобиль жолдарын жылдамдығы жоғары (ақылы болуы ықтимал) және оларды тиісті түрде жайластырылған магистральдарға айналдыра отырып, қайта жаңарту;

3) Алматы-Астана жылдамдығы жоғары темір жол бағытын ашу;

4) Алматының көлік тораптарын - темір жол вокзалдары мен автовокзалдарды осындай құрылымдар қызметін ұйымдастыру мен қызмет көрсету деңгейінің қазіргі шетелдік тәжірибесін бағдарға ала отырып, қайта жаңартуды жүзеге асыру;

5) Алматының автомобиль жолдарын тиісті күйге келтіру және қоғамдық көліктің қалалық жүйесін жаңалау;

6) техниканың соңғы жетістіктеріне сай келетін телекоммуникация және почта байланысы қызмет көрсетулерінің дамуына жәрдемдесу қажет.

6-шарт. ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫ РЫНОГЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКТІ ДАМУЫ

Осы шартты орындау инвесторлық сұранысқа дамыған қаржы және көлемі мен сан алуандығы жағынан барабар қаржы құралдары жиынтығын ұсыну үшін қ а ж е т , ол ү ш і н :

1) Интернет, Рейтерс желісі және басқа арналар арқылы жасалатын сауда-саттыққа алыстан қатысу жөніндегі қызметті қоса алғанда, қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыру және қаржы рыногының жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету жөніндегі сапалы және технологиялық жағынан алдыңғы қатарлы қызметті көрсетуші ретінде Қазақстандық қор б и р ж а с ы н да м ы т у ;

2) валюталық және пайыздық тәуекелдерді хеджирлеуге және басқа мақсаттарға арналған әртүрлі биржалық қаржы құралдары арқылы саудаға қ а т ы с у ;

3) Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің және Қазақстандық банкаралық

есеп айырысу орталығының, оның ішінде олардың бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етілуі мен технологияларының барабар жай-күйін қолдау, сондай-ақ олардың бағдарламалық-техникалық кешендерінің сенімділігі мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

4) қолма-қол жасалмайтын төлем құралдарын жетілдіру және олардың қолданылу аясын кеңейту;

5) қаржы рыногының рейтингтері, қор индекстері мен мониторингтері сияқты өнімдердің пайда болуына және жетілдірілуіне ықпал ету;

6) айналымға бағалы қағаздардың жаңа түрлерін және басқа қаржы құралдарын (ипотека облигацияларын, тұрғын үй сертификаттарын (облигацияларын) эмиссиялық тауар бөлу құжаттарын және басқаларын) енгізу;

7) қалаулы инвестициялық сапасы болған жағдайда көршілес мемлекеттер үшін оңайлатылған сипаттағы рұқсат белгілей отырып, олардың бағалы қағаздарын және басқа да қаржы құралдарын қазақстандық қаржы рыногындағы айналымға тарту;

8) қаржы рыногының субъектілерімен тікелей өзара іс-қимылы мен көрсетілген ұйымдар қызметкерлерінің жоғары біліктілігін қамтамасыз ете отырып, қаржы рыногының "ашық болуын" қамтамасыз ету мен қаржы құралдарының инвестициялық тартымдылығын көтеруді қамтамасыз ету мақсатында оларға қажетті реттеу өкілеттіктерін беріп, Ұлттық Банк және басқа уәкілетті мемлекеттік органдардың тарапынан қаржы рыногын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру.

ЕСКЕРТУ. 6-шарт өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы N 706 қаулысымен.

7-шарт. ӘРТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ТҰРМЫСТЫҚ ӘРІ БИЗНЕСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Алматыда қол жеткізілген қызмет көрсету деңгейіне қарамастан, оны одан әрі дамыту үшін едәуір әлеует бар. Атап айтқанда:

1) осындай органдарда бар ақпаратты және Алматы мен Қазақстанда бизнес жүргізу жөнінде қажетті консультациялар алуға мүдделі тұлғаларға жәрдемдесетін Алматыда орналасқан мемлекеттік органдардың фронт-кеңселерін (ақпараттық-консультациялық бюро) ұйымдастыру;

2) Алматыда жұмыс істегісі келетін кәсіпкерлерге әртүрлі бизнестік қызмет көрсететін ұйымдардың (консультациялық, заңдық, кадрлар, үй-жайлар таңдау және қызметтің өзге де түрлері) қалыптасуын және дамуын қолдау;

3) әуе және темір жол көлігі саласында, телекоммуникациялар мен басқа салаларда "бизнес-класс" (жоғары сапалы) қызмет көрсетілуін дамыту;

4) Алматының қалыптасқан сәулет-құрылыс стилі мен ландшафтының сақталуын бақылауды жүзеге асыру қажет.

8-шарт. ТАБИҒАТ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТАБИҒИ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН САҚТАУ АРҚЫЛЫ ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Алматы қаласы бизнес жүргізу үшін ыңғайлы орын ретінде ғана емес, сол сияқты өз тұрғындарына демалыс пен ойын-сауық үшін мүмкіндіктердің мейлінше кең ауқымын ұсынатын тұрақты немесе уақытша тұруға қолайлы қала ретінде қабылдануы тиіс. Осы міндетті шешу үшін:

1) Алматыдағы экологиялық жағдайды жақсарту жөнінде барлық қажетті ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а у ;

2) әлеуметтік факторларды ескере отырып, қала ішінде орналасқан зат сататын базарларды және көтерме сауда базарларын супермаркеттермен, сауда галереяларымен ("Shopping Mall") және көтерме сауда мен ұсақ көтерме сауда дүкендерімен ("Cash & Carry") алмастырып, бірте-бірте жою туралы мәселені қ а р а у ;

3) қалалық базарларға өркениетті келбет бере отырып, автокөліктің қолайлы кіруі мен тұрағын қамтамасыз ете отырып, оларды қайта жаңарту;

4) инвестициялар тарту есебінен Алматы-Ыстықкөл сапалы автомобиль ж о л ы н с а л у ;

5) Алматының шетінде немесе маңында орналасқан табиғи объектілерді, ең алдымен Медеуді, Шымбұлақты, Үлкен Алматы шатқалын, Алматы арқылы ағатын өзендерді қоқыстан тазартуды үнемі жүргізіп отыру;

6) оның ішінде қайталама шикізат қабылдау пункттерін ашу арқылы қалдықтарды (әйнек, пластик, металл, қағаз/картон және қалдықтардың өзге де түрлері) бөлек жинауды және оларды қайта өңдеуді ұйымдастыру;

7) Алматыны ұсақ және тұрмыстық қоқыспен (темекі тұқылдарымен, бос шөлмектермен, пакеттермен және басқа да қалдықтармен) ластағаны үшін ж а з а л а у ж ү й е с і н к ү ш е й т у ;

8) инвестициялар тарту есебінен Алматы-Қапшағай су қоймасы автомобиль жолын ақылы учаскелер енгізілуі ықтимал, жылдамдығы жоғары және тиісті түрде жайластырылған магистральға айналдыра отырып, қайта жаңарту;

9) демалыс пен ойын-сауықтың жаңа нысандарын жасау мен дамытуда жеке кәсіпкерлікті қолдау қажет.

9-шарт. ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ

Қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі мынадай іс-шаралардың о р ы н д а л у ы н б і л д і р е д і :

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жалғастыру;

2) оларды бірінші кезекте қылмыстар мен қоғамдық тәртіптің бұзылуының алдын алуға, Алматы тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі мен азаматтық құқықтарының жан-жақты сақталуын мүлтіксіз қамтамасыз етуге бағдарлай

отырып, полиция мен жол полициясы жұмысының басымдықтарын түбегейлі қайта қарау, мұның өзі құқық қорғау органдары қызметкерлері беделінің (" қызмет ету және қорғау" ұранын ұстануы) шүбәсіз өсуіне қызмет жасайды;

3) түнгі уақытта қала жолдарын және аумақтарын жеткілікті жарықтандыруды қамтамасыз ету;

4) қайыршылық пен қайыр сұраушылықты, оның ішінде бұрын, пайдаланылған заттарды жинау пункттері мен қайырымдылық асханаларын ашу арқылы жою;

5) шетел азаматтарының келуінің және тіркелуінің оңайлатылған рәсімдерін енгізу;

6) Алматы әуежайы қызметінің, сондай-ақ Алматы әуежайында жұмыс істейтін кеден және шекара қызметтерінің мәдениетін көтеру;

7) Алматы-Бішкек-Ташкент жолдарында мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан бопсалау және алым-салық жинауын жою.

10-шарт. АЛМАТЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ

Экономикалық, саяси, географиялық және инфрақұрылымдық жағдаяттар болғандықтан, Алматы қаласының халықаралық ынтымақтастық орталығы ретінде қалыптасуына қажетті алғышарттардың бәрі бар. Алматының халықаралық мәртебесін көтеру үшін:

1) Алматыда әртүрлі халықаралық экономикалық және саяси форумдарды (басқосударды) тұрақты өткізу;

2) Алматыда Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің өкілдерін міндетті түрде қатысуға тарту арқылы жәрмеңкелер мен көрмелер ұйымдастыру;

3) қалада әртүрлі мәдени іс-шаралар мен спорт жарыстарын өткізу;

4) Алматыда жоғары деңгейдегі кездесулер өткізу;

5) Алматы қаласын аймақтың қаржы орталығы ретінде насихаттау жөнінде халықаралық қоғамдастық арасында белсенді ақпараттық түсіндіру жұмысын жүзеге асыру қажет.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 27 шілдедегі

№ 1014 қаулысымен

бекітілген

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 маусымдағы № 706 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қарашадағы № 1258 қаулысымен.

**Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде
дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2001-2003
жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары**

Р/с! N !	Іс-шаралар	!Орындауға ! !жауаптылар!	Аяқтау нысаны	!	Орындау ! мерзімі
1 !	2	!	3 !	4	!

1. Жергілікті капиталды мейлінше молынан шоғырландыру					
1.1.	Алматы қаласында институционалдық инвесторлардың	Ұлттық Банк Қазақстан (келісім бойынша) (зейнетақы басқару компаниялар, инвестициялық және сақтандыру компаниялары)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат активтерін жөніндегі банктер, қорлар басты кеңселерін орналастыруға	Тұрақты	
	жәрдемдесу				
1.2.	Бағалы қағаздардың және басқа қаржы құралдарының	Ұлттық Банк Бағалы қағаздар (келісім туралы Заң бойынша) құпиясын күшейту	Бағалы қағаздар Зәң жобасы	2002 жылдың II жарты жылдығы	
	шараларды жүзеге асыру				
1.3.	Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың мерзімді салымдарына кепілдік беруді насихаттаудың кең көлемді жүйесін жүзеге асыру	Ұлттық Банк Қазақстан (келісім бойынша),	Қазақстан Респуб. ликасының "Қазақстан. дық жеке тұлғалар. дың салым. дарына кепілдік берудің (сақтанды. ру) қоры" ЖАҚ, МАКМ, Қазақстан қаржыгер. лерінің қауымдас. тығы (келісім бойынша), Қазақстан банктер. інің қауымдас.	Тұрақты Үкіметіне ақпарат	

т ы ғ ы
(к е л і с і м

- бойынша)
- 1.4. Мемлекеттік емес бағалы қағаздар секторын одан әрі дамыту ету
- Ұлттық Банк Нормативтік құқық. Тұрақты (келісім) тық кесімдердің бойынша) жобалары қамтамасыз
- 1.5. Зейнетақы жинақтау жүйесін одан әрі дамыту және халықты қаржы-инвестициялық оқу-ағарту мәселелері бойынша кең ауқымды түсіндіру жұмысын жүзеге асыру
- Ұлттық Банк Қазақстан Респуб. Тұрақты (келісім) ликасының Үкіметіне бойынша), ақпарат ЕХӘҚМ, МАКМ, Қазақстан қаржыгер. лерінің қауымдастығы (келісім бойынша), Қазақстан банктөрінің қауымдастығы (келісім бойынша)
- 1.6. Бағалы қағаздар портфельдерін басқарушы ретінде брокер-дилерді одан әрі дамытуға жәрдемдесу
- Ұлттық Банк Нормативтік Банк (келісім) бойынша) Тұрақты құқықтық кесімдердің жобалары
- 1.7. Алматы қаласында тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесін байқап көру
- Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының 2002 жылдың ІІ жарты жылдығы ақпарат Үкіметіне бойынша), Қазақстан банктөрінің қауымдастығы (келісім бойынша)
- 1.8. Алматы қаласында ипотекалық несиелендіру жүйесін байқап көру
- Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының 2001 жылдың ІІ жарты жылдығы ақпарат ЭСМ, ӘДМ, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан банктөрінің қауымдастығы (келісім бойынша)
- 1.9. Алматы қаласында инвестициялық қорларды
- Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының (келісім) Тұрақты Республикасының

дамытуға жәрдемдесу

бойынша),
Қазақстан ақпарат
қаржыгерлер
інің
қауымдастығы
(келісім
бойынша),
Қазақстан
банктерінің
қауымдастығы
(келісім

бойынша)

1.10. Шағын және орташа МБА, Шағын Нормативтік Тұрақты
бизнес субъектілерін кәсіпкерлікті құқықтық
несиелендіру схемаларын дамыту қоры кесімдердің
әзірлеу және оларды (келісім жобалары
Алматы қаласында бойынша),
байқап көру Алматы
қаласының
әкімі,
Қазақстан
банктерінің
қауымдастығы
(келісім

бойынша)

1.11. Алматы қаласында Алматы Нормативтік Тұрақты
бизнес-инкубаторларды қаласының құқықтық
дамыту жөніндегі әкімі, МБА кесімдердің
шараларды әзірлеу жобалары
2. Шетелдік капиталды әкелудің ырықтандырылған валюталық режимі,
капиталдың қайтарылуы және оны пайдаланудан алынған пайда,
орталық банктің ақша-несие саясатының, айырбас бағамы саясатын қоса
алғанда, болжамды болуы

2.1. Шетелдік заңды және Ұлттық Банк Нормативтік 2001 жылдың
жеке тұлғалар үшін (келісім құқықтық II жарты
Қазақстан банктеріндегі бойынша, кесімдердің жылдығы
есепшоттарды алыстан ӘДМ, МКМ жобалары
басқару мүмкіндігін

қамтамасыз ету

2.2. <*>

2.3. Оларды кейін әкетуге МКМ, Ұлттық Нормативтік 2001 жылдың
мүмкіндігі болуы Банк (келісім құқықтық II жарты
мақсатында келуші бойынша) кесімдердің жылдығы
адамдар ерікті түрде жобалары
мәлімдейтін сомалар
мен аса ірі сомаларға
қатысты ғана осындай
мәлімдеуді сақтап,
оның ішінде әкелінетін
қолма-қол шетел
валютасын, өзге де
мүліктерді ресми

мәлімдеу жүйесін жою

3. Жергілікті кәсіби қаржы делдалдарының жоғары біліктілік деңгейі

3.1. Қаржы рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орындарының бағдарламаларын жетілдіру бойынша) БҒМ, Ұлттық Қазақстан Банк (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қаржыгерлерінің қауымдастығы (келісім бойынша)

3.2. Орталық Азия аймағына кәсіби қызметке бағдарланған нарықтық бейіндегі кадрлар даярлаудың бағдарламасын қаласындағы дерде мемлекеттік ұлғаюын іске асыру жүйесінің дербес жетілдіру бойынша) БҒМ, Ұлттық Қазақстан Банк (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қаржыгерлерінің қауымдастығы (келісім бойынша), "Қазақстандық қор биржасы" ЖАҚ (келісім бойынша)

4. Халықаралық беделі танылған шетелдік кәсіби қаржы делдалдарын рынокқа жіберудің ырықтандырылған режимі

4.1. Отандық және қаржы институттарын құру, тіркеу, олардың қызметін лицензиялау және реттеу рәсімдерін одан әрі жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізу шарттарын оңайлату

4.2. Оларға сәйкес Қазақстанда жыл жұмыс кейін ғана банктер еншілес құқығы болатын шарттардың күшін жою өкілдігі тек бір жыл жұмыс істегеннен кейін ғана шетелдік банктер Қазақстанда өз еншілес банктерін ашуға құқығы болатын шарттардың күшін жою

4.3. Қазақстандық қаржылық делдалдар көрсете қоймаған түрлері бойынша) Ұлттық Банк (келісім бойынша), Нормативтік қаржы институттарын тартуға көмектесу

4 . 4 . < * >

5. Дамыған және сапалы инфрақұрылым

5.1. Алматы-Бішкек, Алматы-Қорғас автомобиль Алматы КҚМ, ЭСМ, Қазақстан Республикасының 2002-2003 жылдар

	жолдарын инвестицияларды тарту есебінен қайта жаңарту	қаласының әкімі	Үкіметіне ақпарат
5.2.	Алматы-Астана жылдам. Алматы магистралін инвестицияларды тарту есебінен жүзеге асыру	ҚКМ, ЭСМ, Алматы қаласының әкімі,	Қазақстан Республикасының Астана қаласының Үкіметіне ақпарат
5.3.	Техниканың соңғы жетістіктеріне сай телекоммуникациялар және почта байланысы	ҚКМ, "Қазпочта" ЖАҚ (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының Тұрақты Үкіметіне ақпарат
	жандандыру	қызметтерін	дамытуды
	6. Қазақстандық қаржы рыногының жеткілікті дамуы		
6.1.	Қазақстандық қор биржасының қаржы құралдарымен сауда-саттық ұйымдастыру, сондай-ақ қаржы рыногының жай-күйі туралы ақпарат бойынша сапалы және технологиялық қатарлы көрсететін ретінде	Ұлттық Банк (келісім бойынша), "Қазақстан. ЖАҚ"	Қазақстан Республикасының Тұрақты Үкіметіне ақпарат
	ықпал ету	технологиялық алдыңғы қатарлы қызметтер жеткізуші дамуына	Қазақстан Республикасының Тұрақты Үкіметіне ақпарат
6.2.	Валюталық және пайыздық тәуекелдерді хеджирлеуге арналған биржалық қаржы құралдарымен саудаға қатысу бойынша)	Ұлттық Банк (келісім бойынша),	Қазақстан Республикасының Үкіметіне "Қазақстандық қор биржасы" ЖАҚ (келісім бойынша)
6.3.	Оның ішінде олардың барабар техникалық-технологиялық жай-күйін қолдау, сондай-ақ олардың бағдарламалық-техникалық жиынтығының сенімділігі мен ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің және Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығының үздіксіз жұмыс істеуін	"Бағалы қағаз. дардың орталық депозитарийі" ЖАҚ (келісім бойынша), ҚЕБО (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының Тұрақты Үкіметіне ақпарат

қамтамасыз ету

- 6.4. Төлем карточкаларының ұлттық жүйесін құру жөніндегі жұмыс жүргізу
- Ұлттық Банк (келісім кесімдердің бойынша), Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат банкінің қауымдастығы (келісім бойынша)
- 6.5. Қаржы рыногының рейтингі, қор индекстері және мониторингі сияқты өнімдерді жасауға және жетілдіруге көмектесу
- Ұлттық Банк (келісім бойынша), ҚарМ, Қазақстан СІМ, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қаржыгерлерінің қауымдастығы (келісім бойынша), Қазақстан банкінің қауымдастығы (келісім бойынша), "Қазақстандық қор биржасы" ЖАҚ (келісім бойынша)
- 6.6. Бағалы қағаздардың жаңа түрлерінің және басқа қаржы құралдарының (ипотека қаржы)
- Ұлттық Банк (келісім бойынша), ЭСМ, АШМ, ӘДМ облигациялары, ұйымдастыру пайда тауар бөлу пайда болу процесін
- Нормативтік құқықтық кесімдердің
- 2001 жылдың ІІ жарты жылдығы жобалары тұрғын сертификаттары, құжаттары)
- 6.7. Көршілес мемлекеттер эмитенттерінің бағалы қағаздарын қазақстандық қор рыногына шығару
- Ұлттық Банк (келісім бойынша), ҚарМ процесін
- Нормативтік құқықтық кесімдердің
- 2001 жылдың ІІ жарты жылдығы жобалары
- 6.8. Қаржы рыногын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру
- Ұлттық Банк (келісім бойынша), ҚарМ жобалары
- Нормативтік құқықтық кесімдердің
- Тұрақты
7. Өртүрлі және жайлы тұрмыстық әрі бизнестік қызмет көрсету
- 7.1. Алматы және жалпы Қазақстанда бизнес жүргізу жөнінде ақпарат пен консультация
- Ұлттық Банк (келісім бойынша), Алматы алуға мүдделі көмек Алматыда
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне Алматы қаласының әкімі тұлғаларға көрсететін орналасқан
- 2002 жылдың І жарты жылдығы ақпарат

м е м л е к е т т і к
о р г а н д а р д ы ң ф р о н т -
к е ң с е л е р і н
(а қ п а р а т т ы қ -
к о н с у л ь т а ц и я л ы қ б ю р о)

ұйымдастыру

7.2. Алматы қаласында Ұлттық Банк Нормативтік 2002 жылдың
жұмыс істегісі келетін (келісім құқықтық І жарты
кәсіпкерлерге түрлі бойынша), кесімдердің жылдығы
бизнестік қызмет Алматы жобалары
көрсететін ұйымдардың қаласының әкімі,
қ а л ы п т а с у ы н ж әне М Б А

дамуын қолдау

7.3. Әуе және темір жол КҚМ Қазақстан Тұрақты
көлігі, Республикасының
телекоммуникациялар Үкіметіне
салаларында және басқа ақпарат
да салаларда "бизнес -
класс" (көтеріңкі
сапалы) қызмет
көрсетуін қамтамасыз

ету

7.4. Алматының қалыптасқан Алматы қаласының Нормативтік Тұрақты
сәулет стилі мен әкімі құқықтық
ландшафтының сақталуын кесімдердің
бақылауды жүзеге асыру жобалары

8. Табиғат объектілерінің табиғи тартымдылығын сақтау арқылы
демалыс және ойын-сауық индустриясының дамуы

8.1. Алматыдағы экологиялық Алматы қаласының Қазақстан Тұрақты
жағдайды жақсарту әкімі, ТОҚМ, ДСА Республикасының
Үкіметіне
ақпарат

8.2. Осы заманға сай және Алматы қаласының Қазақстан 2002 жылдың
өркениетті келбет әкімі Республикасының І жарты
беру мақсатында, оның Үкіметіне жылдығы
ішінде инвестициялар ақпарат
тарту есебінен қала
шегінде орналасқан зат
сататын базарларды
және көтерме сауда
базарларын қайта

жабдықтауға кірісу

8.3. Алматы қаласының Алматы қаласының Қазақстан Тұрақты
шегінде немесе жақын әкімі Республикасының
орналасқан табиғат Үкіметіне
объектілерін ақпарат
қоқыстардан тұрақты
тазартуды қамтамасыз

ету

8.4. Қайталама шикізатты Алматы қаласының Қазақстан Тұрақты
қабылдайтын пункттерді әкімі Республикасының
ашу арқылы әртүрлі Үкіметіне
қалдықтарды кәдеге ақпарат
жаратуды ұйымдастыру

- 8.5. Алматы қаласы мен оның Алматы қаласының Нормативтік Тұрақты
маңындағы аумақтарды әкімі, ІІМ, құқықтық
қоқыстармен ластағаны ТОҚМ, ДСА кесімдердің
үшін жазалау жүйесін жобалары
күшейту
- 8.6. Алматы-Ыстықкөл және КҚМ, Алматы Қазақстан 2001-2002
Алматы-Қапшағай су облысының және Республикасының жылдар
қоймасы сапалы автомо. Алматы қаласы. Үкіметіне
биль жолдарының ның әкімдері, ақпарат
құрылысын салуды ЭСМ, ҚМ, СІМ
инвестициялар тарту
есебінен жүзеге асыру
- 8.7. Алматы қаласының Алматы қаласының Қазақстан Тұрақты
демалыс және ойын- әкімі Республикасының
сауық индустриясы Үкіметіне
саласында жеке кәсіп. ақпарат
керлікті құру және
дамытуды ынталандыру
- 8.8. Алматы қаласының Алматы қаласының Қазақстан 2002 жылдың
жылу электр станция. әкімі, ЭМРМ Республикасының ІІ жарты
ларын қатты және сұйық Үкіметіне жылдығы
отынмен жұмыс істеуден ақпарат
Жамбыл облысы газ кен
орындарының әлеуетін
пайдалану есебінен
табиғи газбен жұмыс
істеуге көшуді
ынталандыру
9. Қоғамдық қауіпсіздіктің жоғары деңгейі
- 9.1. Алматы қаласының ІІМ, Алматы Қазақстан Тұрақты
тұрғындары мен қаласының әкімі Республикасының
меймандары тарапынан Үкіметіне
құқық қорғау ақпарат
органдарының
қызметкерлеріне
сенімінің артуына
жәрдемдесу
- 9.2. Алматы қаласының Алматы Қазақстан Тұрақты
жолдары мен аумағының қаласының әкімі Республикасының
түнгі уақытта Үкіметіне
жеткілікті түрде ақпарат
жарықтандырылуын
қамтамасыз ету
- 9.3. Оның ішінде, киілген Алматы Қазақстан Тұрақты
және бұрын пайдаланған қаласының әкімі Республикасының
заттарды жинау Үкіметіне
пункттерін және ақпарат
қайырымдылық асхана.
ларын ашу арқылы
қайыршылық пен қайыр
сұраушылықты жою
- 9.4. Алматы қаласына шетел СІМ, ІІМ, Нормативтік 2001 жылдың
азаматтарының келуі Алматы құқықтық ІІ жарты
мен тіркелуінің оңтай. қаласының әкімі, кесімдердің жылдығы

латылған рәсімдерін енгізу	ҰҚК, ӘдМ	жобалары
9.5. Алматы әуежайының кеден шекара және өзге де қызметтерінің мәдени деңгейін көтеру жобалары	МКМ, ПМ, ККМ, ҰҚК	Нормативтік құқықтық кесімдердің Тұрақты Үкіметіне ақпарат
9.6. Алматы қаласының аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктердің деңгейін көтеру	ПМ, Алматы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қ а у і п с і з д і г і н қ а м т а м а с ы з е т у
10. Алматының халықаралық мәртебесін көтеру		
10.1. Алматыда түрлі халық аралық экономикалық және саяси форумдарды (басқосуларды), ұйымдастыру	СІМ, Алматы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат с о н д а й - а қ ж о ғ а р ы д е ң г е й д е г і к е з д е с у л е р д і т ұ р а қ т ы
10.2. Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің өкілдерін міндетті түрде қатысуға тарту арқылы жәрмеңкелер, мәдени іс-шаралар мен спорт жарыстарын ұйымдастыру	Үкімет, Алматы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қ а л а с ы н ы ң ә к і м і , т ү р л і м ә д е н и Ү к і м е т і н е о р т а л ы қ т а р ж ә н е а қ п а р а т ж ә р м е ң к е л е р , с п о р т қ о ғ а м д а р ы к ө р м е л е р , ә р т ү р л і м ә д е н и і с - ш а р а л а р м е н с п о р т ж а р ы с т а р ы н
10.3. Алматы қаласын аймақтың қаржы орталығы ретінде насихаттау жөнінде халықаралық	МАҚКМ, СІМ, Ұлттық Банк (келісім бойынша)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат қ о ғ а м д а с т ы қ а р а с ы н д а б е л с е н д і а қ п а р а т т ы қ - т ү с і н д і р у ж ұ м ы с ы н
жүзеге асыру		